

Тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларды плантацияларға отырғызуға және онда өсіруге, жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға жұмсалатын шығындарды өтеу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 1 тамыздағы № 1014 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы № 870 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-02/169 бұйрығын қараңыз.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 12-бабының 17-10) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларды плантацияларға отырғызуға және онда өсіруге, жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға жұмсалатын шығындарды өтеу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасының

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

1

т а м ы з д а ғ ы

№

1 0 1 4

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларды плантацияларға отырғызуға және онда өсіруге, жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға жұмсалатын шығындарды өтеу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларды плантацияларға отырғызуға және онда өсіруге, жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға жұмсалатын шығындарды өтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексіне сәйкес әзірленді және осы іс-шараларды қаржыландыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) бағдарлама әкімшісі – Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрілігі ;

2) жекеше орман питомниктерін құру және дамыту – орман питомниктерін құру немесе қайта жаңарту жөніндегі жұмыстарды жүргізудің бүкіл циклы, ол 5-10 жылға созылып, жобалау-ізвестіру және құрылыс-монтаж жұмыстарын, көгалдандыру, ормандарды молықтыру және орман өсіру үшін ағаш пен бұта тұқымдыларын өсіруді қамтиды ;

3) қатысушы – бағдарламаны іске асыруға қатысушы іріктеп алынған өтініш беруші ;

4) өтініш беруші – осы Қағидалар белгілеген тәртіппен іріктеуге қатысуға өтініш берген, ағаш пен бұта тұқымдыларының отырғызу материалы мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер өсіру үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалануға жасалған ұзақ мерзімді орман пайдалану шарты бар жекеше орман иеленуші және (немесе) орман пайдаланушы болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматы немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасы ;

5) тез өсетін ағаш пен бұта тұқымдыларының плантацияларын отырғызу мен өсіру – жобалау-ізвестіру жұмыстарынан бастап сүрек және (немесе) өзге өсімдік өнімін дайындауға дейін сүрек және ағаш пен бұта өсімдіктерінің өзге өнімін өндірудің бүкіл циклы, ұзақтығы 10-15 жыл ;

6) үлгі жоба – өнімді өткізуге немесе өндеуге дейін оны өсірудің бүкіл циклын қамтитын, бюджеттік бағдарламаның әкімшісі әзірлеген, тез өсетін ағаш пен бұта тұқымдыларының плантацияларын немесе орман питомнигін құру жобасы ;

7) іріктеу – республикалық бюджетте көзделген қаражатты Бағдарламаны іске асырушылар арасында бөліп беру үшін оларды анықтау.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 N 1102 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларды плантацияларға отырғызуға және онда өсіруге, жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға жұмсалатын шығындарды өтеуге байланысты іс-шараларды қаржыландыру тәртібі

3. Бағдарлама әкімшісі іріктеуге қатысуға ниет білдірген тұлға жүзеге асыратын жобалауға негіз болатын үлгі жобаларды әзірлейді.

Жобалау-іздістіру жұмыстарына жұмсалған шығындар бағдарлама әкімшісі үлгі жобалардың негізінде айқындайтын шығындардың 50 %-ға дейінгі мөлшерінде қатысушыға өтеледі.

4. Бағдарлама әкімшісі іріктеу жүргізуден бір жыл бұрын республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында жекеше орман өсіруді мемлекеттік қолдау туралы хабарландыру жариялайды, онда:

- 1) іріктеуге қатысуға өтініш беру мерзімі мен орны;
- 2) жекеше орман өсіруді мемлекеттік қолдау түрлері;
- 3) үлгі жобаны алу орны;

4) жобалау-іздістіру жұмыстарына жұмсалған шығындарды өтеу шарттары мен мөлшері көрсетіледі.

5. Жеке және заңды тұлғалар хабарландыруда көрсетілген мерзімде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш тапсырып, оған мына құжаттарды қоса тіркейді:

1) Қазақстан Республикасының салық төлеушісі куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

2) мемлекеттік емес заңды тұлғалар үшін – іріктеуге қатысуға өтініштер қабылдау күні аяқталатын күннің алдынан үш айдан аспайтын мерзімде берілген, бірінші басшының немесе тиісті салық органының мөрімен қол қою құқығы бар тұлғаның қолы қойылған, салық берешегінің және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегінің болмауы немесе болуы туралы тиісті салық органының белгіленген нысандағы анықтамасының түпнұсқасы;

3) түйіндеме – жеке тұлға үшін, негізгі қызметкерлердің түйндемесі – мемлекеттік емес заңды тұлға үшін (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, білімі, кәсіби тәжірибесі, жоғары білімі туралы тиісті дипломдарының, семинарларды, курстарды бітіргені туралы сертификаттардың белгіленген тәртіппен

куәландырылған көшірмелері қоса тіркелген байланыс ақпараты);

4) жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;
заңды тұлға үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы
к у ә л і к * н е м е с е а н ы қ т а м а ;

5) «орман өсіру үшін» нысаналы мақсатымен жер учаскесіне меншік немесе жер пайдалану құқығына мемлекеттік актінің немесе ағаш пен бұта тұқымдыларының отырғызу материалы мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер өсіру үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерін ұзақ мерзімді орман пайдалану шартының нотариалды куәландырылған көшірмесі;

б) мемлекеттік сәулет-құрылыс және экологиялық сараптамалардың оң қорытындыларымен тез өсетін ағаш пен бұта тұқымдыларының плантацияларын және (немесе) орман питомнигін құрудың жұмыс жобасы (бұдан әрі – жұмыс ж о б а с ы) қ о с а т і р к е л е д і .

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 N 1102 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Іріктеуді жүргізу үшін бағдарлама әкімшісі өзінің қызметкерлерінен және бір саладағы қоғамдық ұйымдардың өкілдерінен комиссия құрады, оның құрамында комиссия төрағасы, комиссия мүшелері мен хатшысы болады. Комиссияның сандық құрамы кемінде бес адам мөлшерінде тақ саннан тұруға тиіс, бұл ретте хатшы оның құрамына кірмейді. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделіп, оған комиссия төрағасы мен комиссия мүшелері, хатшы қ о л қ о я д ы .

7. Іріктеуге мына талаптарға сай келетін өтінім білдірушілер жіберіледі:

1) Қазақстан Республикасының резиденті (заңды тұлғалар үшін);

2) Қазақстан Республикасының азаматы (жеке тұлғалар үшін);

3) жекеше орман қорының және (немесе) ағаш пен бұта тұқымдыларының отырғызу материалы мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер өсіру мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалануға ұзақ мерзімді орман пайдалану ш а р т ы н ы ң б о л у ы ;

4) салық берешегінің және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегінің болмауы (заңды тұлға үшін);

5) жеке тұлға немесе заңды тұлға үшін орман шаруашылығы саласындағы білікті маман үшін жоғары білімі туралы тиісті дипломының бар болуы, орман шаруашылығында үш жылдан кеме емес жұмыс істеу тәжірибесінің болуы.

8. Өтініш барлық қоса тіркелген құжаттармен бірге бір топтамаға тігіледі, парақтар нөмірленеді, соңғы парақтың сырт жағында жіптердің ұшына «__ парақ тігілді және нөмірленді. Күні 20__ жылғы ____» деген жазуы бар қағаз жолағы желімделеді, өтініш беруші қол қояды және мөр басылады.

9. Комиссия өтініштерді қабылдау аяқталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде олардың түгел болуын және осы Қағидалардың 7-тармағының талаптарына сәйкес келуін қарайды және оларды іріктеуге жіберу туралы шешім қабылдайды.

Берілген құжаттар көрсетілген тізбеге сәйкес келмеген жағдайда бағдарлама әкімшісі комиссия қарағаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтінім берушіге дәлелді бас тарту жібереді.

10. Комиссия күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде мына шарттарды ескеріп отырып іріктеу жүргізеді:

1) арнайы тағайындалған плантациялық екпелер және ағаш пен бұта тұқымдыларының отырғызу материалдарын өсіру кезінде жаңа технологиялар қолдану;

2) суарудың суды үнемдеу жүйесін пайдалану;

3) күтілетін өндіріс көлемі мен жобаның өтімділігі;

4) жобаны енгізуден әлеуметтік-экономикалық тиімділіктер (жұмыс орындарының саны, жергілікті тұрғындардың мүдделерінің есебі).

11. Қатысушыларды іріктеу туралы комиссияның шешімінен кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес бағдарламаның әкімшісі мен қатысушы арасында шарт жасалады.

12. Шарт бойынша жұмыстардың орындалуын бақылауды бағдарлама іске асырылып жатқан орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің (бұдан әрі – аумақтық бөлімше) лауазымды тұлғалары жүзеге асырылады.

13. Қатысушы бағдарламаның әкімшісіне жобалау-ізвестіру жұмыстарына жұмсалған шығындарды растайтын құжаттарды төлемақы жасауға береді.

14. Тез өсетін ағаш пен бұта тұқымдыларының плантацияларын отырғызу мен өсіруге және (немесе) жекеше орман питомнигін құру мен дамытуға жұмсалған өзінің шығындарын өтеу үшін қатысушы мынадай құжаттар береді:

1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес тез өсетін ағаш пен бұта тұқымдыларының плантацияларын отырғызу мен өсіруге және (немесе) жекеше орман питомнигін құру мен дамытуға жұмсалған шығындарды өтеуге өтініш;

2) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес Комитеттің тиісті орман және аңшылық шаруашылығы аумақтық инспекциясының лауазымды тұлғасы қол қойған, мөр басылған және өтінім беруші куәландырған орындалған жұмыстарды қабылдау актілері.

15. Осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген құжаттарды қатысушыға бағдарламаның әкімшісі тиісті жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей береді.

16. Тез өсетін ағаш пен бұта тұқымдыларының плантацияларын отырғызу мен өсіруге және (немесе) жекеше орман питомниктерін құру мен дамытуға

жұмсалған шығындарды қатысушыларға өтеу үлгі жоба бойынша жұмыстар құнының 50 %-ға дейінгі мөлшерде жүзеге асырылады.

17. Іріктеу кезінде қаражат толық бөлінбеген, сондай-ақ бөлінген бюджет қаражатынан қатысушы бас тартқан жағдайда бюджеттік Бағдарламаның әкімшісі осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен қайталама іріктеу өткізеді.

Ескертпе: *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.

Ескерту. 2-бөлім ескертпемен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 N 1102 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Тез өсетін ағаш пен бұта
тұқымдыларының плантацияларын
отырғызу мен өсіруге, жекеше
орман питомниктерін құруға және
дамытуға жұмсалатын шығындарды
өтеу туралы шарттың үлгі нысанына
қосымша
Нысан

(жұмыс жобасының атауы)

бойынша жұмыс жүргізу кестесі

Р/с №	Жұмыстың атауы	Өлшем бірлігі	Көлемі	Орындау мерзімі	Барлық шығын, теңге
1	2	3	4	5	6
201__ жыл					
	жиыны				
201__ жыл					
	жиыны				
201__ жыл					
	жиыны				
	Барлығы				

Тез өсетін ағаш және бұта
тұқымдыларды плантацияларға
отырғызуға және онда өсіруге,
жекеше орман питомниктерін
құруға және дамытуға жұмсалатын
шығындарды өтеу қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Өтініш

(өтініш берушінің атауы)

Жекеше орман өсіруді мемлекеттік қолдау шеңберінде республикалық бюджеттік бағдарламасын іске асыру бойынша іріктеуге қатысуға ниет білдіреді.

1. Өтініш беруші туралы мәлімет _____
(то л ы қ а т а у ы)

(з а ң д ы м е к е ң ж а й ы)

Іс жүзіндегі мекенжайы, телефондары, факсы, электрондық поштасы _____

Жарғылық капиталының мөлшері, теңге _____

Меншікті капиталының мөлшері, теңге _____

Құрылтайшылар (мемлекеттік емес заңды тұлға үшін) _____

Банктік деректемелері _____

Бірінші басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) байланыс телефондары _____

2. Негізгі қызметінің түрлері _____

Жылдық айналымы, сомасы _____

Қызметкерлердің нақты саны _____

3. Жобаның қысқаша сипаттамасы _____

Жобаның жалпы құны _____

Жоба бойынша жұмыстардың басталған және аяқталған күні _____

4. Жұмыс жобасын іске асырудан жоспарланып отырған нәтижелер _____

(мөр орны, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы, күні,)

Тез өсетін ағаш және бұта
тұқымдыларды плантацияларға
отырғызуға және онда өсіруге,
жекеше орман питомниктерін
құруға және дамытуға жұмсалатын
шығындарды өтеу қағидаларына
2-қосымша
Нысан

**Тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларды плантацияларға
отырғызуға және онда өсіруге, жекеше орман питомниктерін
құруға және дамытуға жұмсалатын шығындарды
өтеу туралы шарттың үлгі нысаны**

Ескерту. Нысанға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 N 1102
қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі).

Астана қаласы 201__ жылғы «__» _____

_____ (бағдарлама әкімшісінің атауы)
негізінде әрекет ететін _____ арқылы
және _____

(занды тұлғаның атауы немесе жеке тұлға үшін тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
бұдан әрі «Қатысушы», бірлесіп «Тараптар» деп, аталатын _____
_____ негізінде әрекет ететін _____
арқылы мына төмендегілер жайында осы Шартты жасасты.

1. Шарттың мәні

Осы шарт мына төмендегілер жайында жасалады:

1. Қатысушы осы шартқа 1-қосымшаға сәйкес жұмыстарды орындау кестесі
бойынша жұмыс жобасына сәйкес мына жұмыстарды орындауға міндеттенеді: _____

(мемлекеттік сәулет-құрылыс және экологиялық сараптамалардан

өткені туралы мәліметтер көрсетілген жобаның атауы)

2. Бағдарламаның әкімшісі ағымдағы жылдың аяғына дейін Қатысушыға үлгі жобаны әзірлеу құнының 50%-ға дейінгі мөлшерде жобалау-іздістіру жұмыстарына жұмсалған шығындарды _____ теңге (цифрмен және жазбаша) сомасында өтеуге міндеттенеді.

3. Бағдарламаның әкімшісі жыл сайын қатысушыға жұмыс кестесіне сәйкес жұмыс жобасын іске асыруға жұмсалған шығындардың 50 %-ға дейін, бірақ үлгі жобамен айқындалған жұмыстар құнының 50 % аспайтын мөлшерін өтеуге міндеттенеді.

2. Тараптардың құқықтары

4. Бағдарламаның әкімшісі өзінің аумақтық бөлімшелері арқылы қатысушының жұмыстарды жүргізу сапасына, толымдылығына және уақтылылығына бақылау жасайды.

Аумақтық бөлімше қатысушы орындаған жұмыстарды жыл қорытындылары бойынша қабылдайды.

5. Қатысушы жыл қорытындылары бойынша жұмыс жүргізу кестесіне сәйкес орындалған жұмыстар шығындарын өтеу жөнінде уақтылы төлем жасалып отырылуын талап етуге құқылы.

3. Тараптардың міндеттері

6. Бағдарламаның әкімшісі:

а) шарттың белгіленген тәртіппен қазынашылық органдарында уақтылы тіркелуін;

б) жұмыстарды қабылдап, қатысушыға тиесілі соманың төленуін қамтамасыз етуге міндетті.

7. Қатысушы жұмыс жобасы мен жұмыс кестесінде көзделген жұмыстарды уақтылы және сапалы орындауға міндетті.

4. Тараптардың жауапкершілігі

8. Қатысушы жұмыс жобасында белгіленген көлемге қол жеткізбеген жағдайда бағдарламаның әкімшісі шартты бір жақты тәртіппен бұзып, бұдан бұрын жасалған төлемдер сомасын өндіріп алуға құқылы.

Еңсерілмейтін мән-жайлардың туындауы салдарынан шарт бойынша міндеттемелерді орындау мүмкін болмайтын жағдайда кез келген тарап осындай

мән-жайлар туындаған сәттен бастап 10 күн ішінде басқа тарапқа хабарлама жолдау арқылы шартты тоқтата алады. Осы шарттың мақсаттары үшін « еңсерілмейтін мән-жайлардың» тараптардың бақылауы жүрмейтін, тараптардың жаңсақтығына немесе салақтығына байланысты емес және болжамсыз сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей күш апаттары, індет, карантин сияқты жағдаяттарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектеліп қалмайды. Бұл ретте міндеттемесін орындаған әрбір тарап алынбас күш жағдаяттары туындағанға дейін жұмсаған шығынын қайтаруды талап етуге құқылы.

5. Дауларды қарау тәртібі

9. Осы шартты орындауға байланысты барлық даулар, келіссөз және қосымша келісімдер жасау жолымен шешіледі. Тараптар келіспеген жағдайда даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес соттың қарауына жатады.

6. Өзге ережелер

10. Осы шартқа қоса тіркеліп отырған қосымша оның ажырамас бөлігі болып т а б ы л а д ы .

11. Осы шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар осы шарттың мәтініне қайшы келмеуге тиіс және жазбаша түрде жасалып, оған тараптар қол қоюы к е р е к .

12. Осы шартқа енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар қазынашылық органдарында мемлекеттік тіркелуге жатады.

13. Осы шарт 3 данада – Қатысушы мен бағдарламаның әкімшісі үшін бір-бір данадан және қазынашылық органдарында сақтау үшін – бір дана жасалды. Барлық дананың заңдық күші бірдей және тең.

7. Шарттың қолданылуы

14. Шарт 201__ жылдан 201__ жылға дейін жасалды және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарына оны тіркеген күнінен бастап күшіне енеді.

8. Тараптардың заңды мекенжайлары мен деректемелері

Бағдарламаның	әкімшісі	Қ а т ы с у ш ы
_____	_____	_____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар	болса)	(тегі, аты, әкесінің аты
		б о л

Орналасқан жері (заңды тұлғаның атауы)

БСН
Е/шот

(мөр орны, қолы)

Орналасқан жері (заңды тұлғаның атауы)

ЖСН немесе БСН
Е/шот

(мөр орны, қолы)

Тіркелді: _____
(аумақтық қазынашылық органының атауы)

№

Тіркелген күні 201_ жылғы «__»

Тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларды плантацияларға отырғызуға және онда өсіруге, жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға жұмсалатын шығындарды өтеу қағидаларына 3-қосымша Нысан

Тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларды плантацияларға отырғызуға және онда өсіруге, жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға жұмсалатын шығындарды өтеуге өтініш

Ескерту. Нысанға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 N 1102 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Осымен қатысушы _____
Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінен _____

(тез өсетін ағаш пен бұта тұқымдыларының плантацияларын, орман питомниктерінде

көшеттер мен қалемшелер жобалауға, отырғызу мен өсіруге) жұмсалған шығындардың бір бөлігін өтеу туралы шартқа сәйкес республикалық бюджеттік бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттің қаражатынан (банктің атауы) Қатысушының № _____ шотына _____

теңге соманы аударуды сұрайды.

(мөр орны, кәсіпорынның атауы, бірінші басшының қолы және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларды плантацияларға отырғызуға және онда өсіруге, жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға жұмсалатын шығындарды өтеу қағидаларына 4-қосымша
Нысан

(тез өсетін ағаш пен бұта тұқымдыларының плантацияларын құру мен өсіру бойынша

және (немесе) жекеше орман питомниктерін дамыту) 201__ жылы _____ орындаған жұмыстарды (қатысушының атауы)

қабылдау актісі

Р/с №	Жұмыстар атауы мен материалдар сатып алуға жұмсалған шығындар	Өлшем бірлігі	Саны	Жалпы құны, теңге		
				Барлығы	Оның ішінде	
					Негізгі жалақы	Машина, тракторларды пайдалану
	Жиыны					
	оның ішінде ҚҚС					

Төленуге жататын сома _____ теңге. (цифрмен, жазбаша)

(мөр орны, қатысушы атауы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы) _____ орман және аңшылық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі _____

(мөр орны, тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда) қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК